

Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 12/02 "Ауыл шаруашылық дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімін анықтау туралы" қаулысының күшін жою туралы

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 12/06 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес және Қарағанды облысы әділет Департаментінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 8-10/637 хатына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 12/02 "Ауыл шаруашылық дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері мен субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімін анықтау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 03 мамырда № 8-9-132 тіркелген, 2012 жылғы 05 мамырда № 17 "Абай-Ақиқат" газетте жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау салаға басшылық ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

С. Шайдаров